

ҒТАХА 14.15.15

DOI: <https://doi.org/10.62724/202530304>

**Иргалиев Асылбек Сапарғалиевич**<sup>\*1</sup>

Педагогика ғылымдарының кандидаты, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан, [asylbek\\_78@mail.ru](mailto:asylbek_78@mail.ru)  
ORCID ID: 0000-0002-0699-0514

## **БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН БАСҚАРУДА БАСШЫНЫҢ ЖЕКЕ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ**

**Аңдатпа.** Мақалада Қазақстан Республикасының жаңа әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-кәсіптік жағдайларында білім беру мекеме басшысының басқару қызметіндегі жеке құзыреттіліктің қалыптастыру мәселесі талданады. Білім беру мекеме басшысының кәсіби құзыреттілігін білім берудегі инновацияларға бейімділік және өзгермелі педагогикалық ортаға бейімделу қабілеті ретінде қарастырылып, жеке құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін жасақтау мәселесі негізделеді. Білім беру мекемесін басқарудағы басшының жеке құзыреттілігін дамыту қажеттілігі ғылыми негізделіп, жеке құзыреттілігін дамытудың мәндері, құрылымдары мен тәсілдері, оны құрайтын кәсіби-функционалдық білімі, іскерлігі, дағдысы мен сапасы, жеке құзыреттіліктің көрсеткіштері, сол құзыреттілікті құрайтын жеке-тұлғалық, әлеуметтік-психологиялық, ұйымдастырушылық-басқарушылық және перцептивті -көшбасшылық сапа-қасиеттері сипатталады. Ғылыми-теориялық талдау негізінде жеке құзыреттер, тұлғалық құзыреттілік, басқарушылық құзыреттілік, жеке (дербес) құзыреттілік, білім беру мекеме басшының жеке құзыреттілігі терминдеріне авторлық анықтамалар беріледі. Басшының жеке құзыреттілігін қалыптастыру деңгейінің компоненттері мен критерийлері анықталды. Білім беру мекеме басшыларының жеке құзыреттілік құрылымында 4 сапалар тобы анықталады: жеке-тұлғалық қасиеттер, ұйымдастырушылық-басқарушылық қасиеттер, әлеуметтік-психологиялық қасиеттер және перцептивтік-көшбасшылық қасиеттер. Білім беру мекемесі басшысының жеке құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін зерттеу үшін психодиагностикалық әдістемелердің тізбесі, моделі мен тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында іске асырылған басшылардың жеке құзыреттілігін дамыту бойынша авторлық семинар-тренингінің бағдарламасы ұсынылады.

**Кілт сөздер.** Басқару қызметі; құзыреттілік; жеке құзырет; тұлғалық құзыреттілік; басқарушылық құзыреттілік; жеке (дербес) құзыреттілік; білім беру мекеме басшысының жеке құзыреттілігі.

**Иргалиев Асылбек Сапарғалиевич**<sup>\*1</sup>

Кандидат педагогических наук, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Уральск, Казахстан, [asylbek\\_78@mail.ru](mailto:asylbek_78@mail.ru)  
ORCID ID: 0000-0002-0699-0514

## **ПРОБЛЕМА ФОРМИРОВАНИЯ ЛИЧНОСТНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ РУКОВОДИТЕЛЯ В СИСТЕМЕ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЕМ**

**Аннотация.** В статье анализируется проблема формирования личной компетенции в управленческой деятельности руководителя образовательного учреждения в новых

социально-экономических и социально-профессиональных условиях Республики Казахстан. Профессиональная компетентность руководителя образовательного учреждения рассматривается как способность к инновациям в образовании и способность адаптироваться к меняющейся педагогической среде, обосновывается вопрос формирования методики формирования личной компетенции. Необходимость развития личностной компетентности руководителя в управлении образовательным учреждением обосновывается анализом подходов, структур и способов развития личностной компетенции, формирующейся на основе профессионально-функциональных знаний, умений, навыков и качеств, выделены и описаны показатели личностной компетентности и качества, составляющие эту компетентность - личностные, социально-психологические, организационно-управленческие и перцептивно-лидерские качества. На основе научно-теоретического анализа приводятся авторские определения таких терминов как личные компетенции, личностная компетентность, управленческая компетентность, персональная компетентность, личностная компетентность руководителя образовательного учреждения. Выделены компоненты и критерии уровня сформированности личностной компетентности руководителя. В структуре личностных компетенций руководителей образовательных учреждений выделяют 4 группы качеств: личностно-личностные качества, организационно-управленческие качества, социально-психологические качества и перцептивно-лидерские качества. Представлен перечень рекомендуемых психодиагностических методик для исследования уровня сформированности личностной компетентности руководителя образовательного учреждения, представлена модель и программа авторского семинара тренинга по развитию личной компетентности руководителей, реализованной в ходе опытно-экспериментальной работы.

**Ключевые слова.** Управленческая деятельность; профессиональная деятельность личности; компетентность; личностная компетенция; управленческая компетентность; индивидуальная (персональная) компетентность; личностная компетентность руководителя образовательного учреждения.

**Irgaliyev Assylbek Sapargaliyevich**\*<sup>1</sup>

Candidate of pedagogical sciences, West Kazakhstan Innovation and Technology University,  
Uralsk, Kazakhstan, asylbek\_78@mail.ru,  
ORCID ID: 0000-0002-0699-0514

## THE PROBLEM OF FORMING THE PERSONAL COMPETENCE OF THE HEAD INMANAGING THE EDUCATION SYSTEM

**Abstract.** The article analyzes the problem of forming personal competence in the management activities of the head of an educational institution in the new socio-economic and socio-professional conditions of the Republic of Kazakhstan. The professional competence of the head of an educational institution is considered as a tendency to innovation in education and the ability to adapt to a changing pedagogical environment, the issue of forming a methodology for the formation of personal competence is justified. The need to develop the personal competence of the head in the management of an educational institution is justified by an analysis of approaches, structures and methods of developing personal competence, formed on the basis of professional and functional knowledge, skills, skills and qualities, indicators of personal competence and quality that make up this

competence are identified and described - personal, socio-psychological, organizational and managerial and perceptual leadership qualities. Based on scientific and theoretical analysis, author's definitions of such terms as personal competencies, personal competence, managerial competence, personal competence, personal competence of the head of an educational institution are given. The components and criteria of the level of formation of personal competence of the head are highlighted. In the structure of personal competence of heads of educational institutions, 4 groups of qualities are defined: personal-personal qualities, organizational-managerial qualities, socio-psychological qualities and perceptual-leadership qualities. The list of recommended psychodiagnostic techniques for studying the level of formation of personal competence of the head of an educational institution is presented, the model and program of the author's training seminar Development of personal competence of managers, implemented during experimental work, is presented.

**Key words.** Management activities; professional activities of the individual; competence; personal competence; managerial competence; individual (personal) competence; personal competence of the head of the educational institution.

**Кіріспе.** Жаңа әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-кәсіптік жағдайларда нәтижелі іске асырылып жатқан жоғары білікті және ұтқыр басқару кадрларына деген қажеттілік сезілуде. Бұл білім беру мекемесі (әрі қарай - ББМ) басшысының өз қызметінде де, басқару еңбегінің ерекшеліктеріне сәйкес кәсіби іріктеу, бейімдеу және қалыптастыру, біліктілікті арттыру мақсатында басқару персоналын даярлау жүйесінде де елеулі өзгерістерді талап етеді. Білім беруді жаңғырту жағдайында білім беру мекемесі басшысының жаңа әлеуметтік маңызыбар рөлдерді, кәсіби-функционалдық білімдер мен басқарушылық дағдыларды меңгеруі, кәсіби мәдениетті және басшының жеке басын дамытуы болуы тиіс. Кез келген кәсіби қызметті орындау үшін кәсіби құзыреттілікті құрайтын кәсіби және жеке қасиеттер жүйесі қажет екені белгілі. Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде басшының кәсіби құзыреттілігін дамыту тұтастай алғанда ұйым қызметінің сапасын дамытуды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Президентінің К.Ж. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында (2021) білім берудің барлық деңгейлеріне қатысты басқа да міндеттермен қатар, білім беру жүйесінің мақсатты көрсеткіштері ретінде білім беру процессінің сапасын қамтамасыз ету мен тиімді басқару мәселесі өзектеріліндіреді [1]. Қазіргі заманғы білім беру ұйымының қызметін басқару сапасын түсінуді, нақтылауды қажет етеді. Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында білім беру жүйесі елеулі өзгерістерге ұшырауда. Білім беру жүйесін дамыту басқару қаншалықты тиімді жүзеге асырылатындығымен және басқару саласындағы жаңа ғылыми-педагогикалық жетістіктерді білім беру мекемесінің практикасына енгізумен айқындалады.

Білім беру мекеме басшысының кәсіби құзыреттілігін білім берудегі инновацияларға бейімділік және өзгермелі педагогикалық ортаға бейімделу қабілеті ретінде айқындайды. Ғалымдардың арасында білім беру мекеме басшысының кәсіби құзыреттілігінің құрылымдық бөліктері жөнінде бірыңғай пікір жоқ. Құзыреттілік құрылымына ғалымдар әртүрлі компоненттер мен құрамдас бөліктерді (когнитивтік, операциялық-техникалық, этикалық, әлеуметтік, мотивациялық, мінез-құлық және т.б.) жатқызады [2, б. 7-13].

Білім беру мекемесінде жүргізілетін зерттеулердің практикасы мен нәтижелері қазіргі заманғы білім беру жүйесінің көптеген проблемалары басшыларының басқарудағы жеке құзыреттілігінің жеткіліксіз деңгейінен және оны дамыту

технологиясының болмауынан туындағанын көрсетеді [3]. Басқарудың барлық жүйесінің түпкілікті педагогикалық нәтижеге бағытталуы мекеме басшыларының ерекше уәждемелік-мақсатты бағдарын ғана емес, сонымен қатар барлық қызметті ақпараттық қамтамасыз етуге, педагогикалық талдауға, жоспарлауға, ұйымдастыруға, бақылауға және реттеуге жаңа көзқарасты көздейді [4].

Зерттеудің мақсаты - білім беру мекеме басшыларының жеке құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін жасақтап, теориялық негіздеу және оның тиімділігін эксперименттік тексеру.

Зерттеу пәні мен нысанасына сәйкес зерттеудің келесі *болжамы* анықталды: білім беру мекемесін басқарудағы басшының жеке құзыреттілігін нәтижелі дамыту мүмкін болады, *егер* сол басшысының жеке құзыреттілігін дамыту қажеттілігі ғылыми негізделсе, жеке құзыреттілігін дамытудың мәндері, құрылымдары мен тәсілдері, оны құрайтын кәсіби-функционалдық білімі, іскерлігі, дағдысы мен сапасы, жеке құзыреттіліктің деңгейлері мен көрсеткіштері айқындалса және сол негізде білім беру мекеме басшысының жеке құзыреттілігін дамытудың әдістемесі жасақталып, жүзеге асырылса, *онда* білім беру мекеме басшысының жеке құзыреттілік деңгейі жоғарлап, сол құзыреттілікті құрайтын жеке-тұлғалық, әлеуметтік-психологиялық, ұйымдастырушылық-басқарушылық және перцептивті-көшбасшылық сапа-қасиеттері қалыптасады.

Зерттеудің жетекші идеясы: әлеуметтік-психологиялық технологиялар арқылы білім беру мекеме басшыларының жеке құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған әдістеме зерттелетін сапаны дамытуға ықпал етеді, қазіргі заманғы қазақстандық қоғамның талаптарына сәйкес келетін құзыретті, бәсекеге қабілетті басшыны дамыту үшін жағдайларды қамтамасыз етеді.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Жеке құзыреттіліктің қасиеттеріне көшбасшылық таныту, өзін-өзі іске асыруға ұмтылу және стресске төзімділікті тұлғалық көрсету жатады. Әлеуметтік құзыреттіліктің қасиеттеріне - жанжалдарды басқару қабілеті, ішкі және шет елдердегі әлеуметтік топтармен өзара іс-қимыл жасау тәжірибесі, бәсекеге қабілеттілік. Салалық құзыретке білім беру процесін ұйымдастыру іскерлігін, әкімшілік және қаржылық шаруашылық қызметті басқару қабілетін, педагогикалық-психологиялық білімді практикада қолдануды, инновацияларды енгізуге ұмтылуды бөліп көрсетуге болады. ББМ даму стратегиясын қалыптастырудағы басқару құзыретінің мәні - оны іске асыру, білікті кадрлармен қамтамасыз ету, ақпараттық ағындарды басқару, білім беру сапасының оң динамикасы.

ББМ-нің басқару тәжірибесі көрсеткендей, қазіргі заманғы басшы басқарудың инновациялық тәсілдері мен әдістерін енгізуге, кәсіби мінез-құлқын жетілдіруге, сондай-ақ жаңа басқару тәсілдерін игеру қабілетін дамытуға мүмкіндік беретін жеке құзыреттіліктің жеткілікті деңгейіне ие болуы тиіс.

ББМ басқару мәселелерімен К.Ю. Белая, И.Я. Вазина, Ю.А. Конаржевский, Ф.Н. Ключев, Л.М. Кустов, Л.Б. Поздняк, Е.П. Тонконогая, П.И. Третьяков, Т.И. Шамова, С.В. Шутюк, Л.И. Фалюшина және т.б ғалымдар талдау жүргізген [5]. Аталған авторлардың жұмыстарын талдау бізге ББМ басқарудың өзіндік ерекшеліктерін және қандай да бір басқа ұйымды басқарудан айырмашылығы бар деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді: ББМ қызметінің бағыты әлеуметтік тапсырыспен айқындалады; ББМ басқару процесінде тәрбиелеуші сипаты; басқару рәсімдерінің жүйелілігі; ақпаратты талдау қызметке назар аудару, бұл ақпараттың көп болуына байланысты; мақсаттардың күрделілігі; ББМ сатылы басқаруды ұйымдастыру; ББМ басшысының поликәсібилігі; басқару объектісінің күрделілігі - педагогикалық және балалар ұжымдары.

Жүйенің барлық кіші жүйелерінде, компоненттерінде, элементтерінде ойластырылған өзгерістерді жүзеге асыру білім беру мекемесімен байланысты барлық адамдарды қамытады. Жаңарту процестеріндегі ең үлкен жүктеме басшыларға - директор мен оның орынбасарларына объективті түрде жүктеледі. Әңгіме басшылардың қызметіндегі, мінез-құлқындағы, тұлғалық қасиеттеріндегі ішінара өзгерістер туралы болмауы тиіс. Жүйе басшының жаңа түрін (адами және кәсіби қасиеттері бойынша, сана мен мінез-құлық стилі бойынша) қалыптастыруды, басшылардың жаңа буынының қогортын қалыптастыруды қажет етеді [6, б. 167-181].

Басшыға қойылатын жоғары талаптарды саналы түрде қабылдауға ішкі (субъективті) факторлар мүмкіндік береді [7]. Зерттеулер мынадай факторлар бола алатынын көрсетеді: қол жеткізілген нәтижелердің жеткіліксіздігін сезіну және оларды жақсарту ниеті; кәсіби талаптардың жоғары (және өсіп келе жатқан) деңгейі, нәтижелерге қолжеткізу қажеттілігі; қоғам мүдделеріне қызмет студің азаматтық қажеттілігі; өзін-өзі көрсету, өзін-өзі ашу, өзін-өзі жетілдіру қажеттілігі; үлкен, елеулі іске қатысы бар, қызықты, шығармашыл адамдармен байланыста болу қажеттілігі; команда сезімін бастан кешіру қажеттілігі; альтруистік уәждер; жаңартуға, жаңалыққа, жағдайды ауыстыруға, дағдыны жеңуге қажеттілік; кәсіби жағдайларды басқаратын заңдылықтарды іздеу, зерттеу, жақсы түсіну қажеттілігі; ББМ даму процестерін басқаруға өз дайындығын, өзіне сенімділігін сезіну; ББМ-нің дамуын басқару теориясы мен технологиясы бойынша алынған жаңа білімді практикада тексеру ниеті; жеке тұлғаның жалпы жасампаздық-шығармашылық бағыты, оң Мен-тұжырымдама, өзіне сенімділік; тәуекелге, жағдайлармен ұдайы күресуге, қиындықтарды еңсеруге қажеттілік [8. - 45-55].

Теориялық білімге және басқарушылық іскерлікке, қызметтің өнімділігіне қойылатын талаптардың көлемі білім беру мекеме басшысынан кәсіби құзыреттіліктің белгілі бір деңгейін талап етеді:

- ақпараттық-талдамалық: негізгі блоктар бойынша ақпаратты қалыптастыруды (жинауды, талдауды, қайта өңдеуді, сақтауды) ұйымдастыру;

- уәждемелік-нысаналы: әлеуметтік тапсырыс негізінде мақсаттарды барлық қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, білім беру мекемесін дамыту бойынша нақты жағдайларға сәйкес қалыптастыру;

- жоспарлы-болжамдық: орынбасарларымен, әдіскерлермен, қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, тұтастай алғанда, балалар мен педагогтардың жекелеген топтарының жақын арадағы даму аймақтарын болжау, жоспарды орындау бойынша қызметті үйлестіруді жүзеге асыру;

- ұйымдастырушылық-орындаушылық: циклдік және хронограммалар және мекеменің жұмыс жоспары негізінде білім беру мекемесін басқару аппаратының қызметін оңтайландыру бойынша жалпы басшылықты жүзеге асыру;

- бақылау-бағалау: білім беру мекеме қызметінің барлық негізгі бағыттары бойынша бақылауды жүзеге асыру;

- реттеу-түзету (жедел-функционалдық реттеу): жоспарда (бағдарламада) берілген деңгейде білім беру мекеме қызметінің барлық бағыттары бойынша реттеуді және түзетуді қамтамасыз етеді, процестің өзінде де, оған қатысушылар арасында да ауытқуларды жою қабілеттілігі [6, бб.167-170].

ББМ басшысының кәсіби құзыреттілігін дамыту - әдіснамалық маңызы бар проблема. Педагогикалық менеджмент кәсіби дамудың көптеген әдістемелерін, әдістері мен тәсілдерін береді, ол арнайы даярлық алудан басталып, жұмыс орнында жалғасуы тиіс. ББМ-нің басшысы педагогикалық және балалар ұжымдарының әрбір мүшесіне қатысты білім беру процесі субъектісінің іс-әрекетінің сипаты соншалықты маңызды

емес, тек өзіне ғана тән кәсіби маңызды қасиеттердің мәні, оның жеке басының тереңдігі және өзінің басқару еңбегін практикалық қайта құру мәніне айналдыру жөніндегі іс-әрекеттердің дербестігі маңызды болған кезде білім беру процесі субъектісінің өзін-өзі іске асыру көзі болады [7]. Бұл басшының ББМ-гі тиімді басқару қызметінің оның жеке-кәсіби құзыреттілігін дамытпай мүмкін еместігін дәлелдейді.

Кәсіби қайта даярлау және жеке құзыреттілікті дамыту үшін оңтайлы жағдайлар қосымша білім беру жүйесінде құрылады, ол басшының мінез-құлқының дәстүрлі моделін кәсіби даму моделіне өзгертуге мүмкіндік береді, білім беру психологиялық-педагогикалық технологиялары арқылы басшының кәсіби мінез-құлқының сыртқы детерминациясын ішкі сындарлы өзгертуге қол жеткізіледі және кәсіби қызметті жүзеге асырудың түбегейлі жаңа стилі мен тәсіліне әкелетін сапалық түрлендіруді білдіреді [5].

Білім беру мекемесі басшысының жеке басына және қызметіне арналған монографиялық зерттеулерге жүргізілген талдау, педагогика және білім беру тарихы бойынша материалдарды зерделеу, сондай-ақ басшысы, әдетте, басқарушылық шешімдер қабылдау құралы ретінде қарастырылатынын және басшының міндеті - мекеме қызметінің түпкілікті нәтижесіне жауап беретінін куәландырады. Сондықтан, қазіргі заманғы әлеуметтік тапсырыспен, білім беру жүйесінің мақсаттарымен, басшылар қызметінің өзгерген функционалымен, басқару қызметінің және кәсіби мінез-құлықтың жаңа тәсілдерімен негізделген басшысының жеке құзыреттілігін дамыту проблемасы ерекше маңға ие болады.

Зерттеу проблемасы бойынша таяу, алыс шет елдердің ғалымдарының, отандық авторлардың еңбектерін талдау барысында біз ББМ басқаруда жеке құзыреттілігін қалыптастырудың түрлі бағыттарын анықтадық:

- құзыреттілікті жеке тұлғаның бір қасиеті ретінде, оның қызметке тартылуын, ұмтылысын, ықыласын, талап етуін, білімі мен жоғары моральдық нормаларының жиынтығы (Д. Дьюи, М. Мид, У. Уоллер, П.А. Сорокин, А.Н. Нысанбаев, Г.Ж. Нұрышева және басқа да ғалымдар);

- адамның құзыреттілігі әлеуметтік мәртебеде, оның өмір салты мен кәсіби білімнің бірлігі (М. Вебер, О. Дюркгейм, Г. Спенсер);

- қызмет-психологиялық теория негізінде құзыреттілікті қалыптастыру процесі (Л.С. Выготский, П.Я. Гальперин, В.В. Давыдов, Л.С. Рубинштейн, А.А. Деркач, казахстандық ғалымдар К.Б. Жарықбаев, Ж.И. Намазбаева, О.С. Сангилбаев);

- педагогикадағы кәсіби құзыреттілік проблемасы (А.К. Маркова, Г. Менлибекова, Б.Т. Кенжебеков, Ш.Т. Таубаева, Н.Н. Хан, К.С. Құдайбергенова және т.б.);

- тиімді басқарудың әдіснамалық негіздерін ашатын басқару теориялары (П. Друкер, Т. Питерсон, Ф. Тейлор, А. Файоль);

- білім беруді басқару проблемасы мен педагогикалық менеджмент саласындағы қалыптасқан тәсілдері (С.М. Бахишева, Ю.А. Конаржевский, М.М. Поташник, П.И. Третьяков, И.А. Зимняя және т.б.);

- басқару құзыреттілігінің жалпы теориялық негіздері (Е.В. Бондаревская, В.А. Кан-Калик, Л.Н. Коган, Н.В. Кузьмина, И.Я. Лернер, В.Я. Ляудис және т.б.);

- оқу процесін жетілдіру жағдайында құзыреттілікті қалыптастыру, педагогикалық технологияларды пайдалануға дайындау, олардың кәсіби мәдениетін қалыптастыру проблемасы (М.П. Лапчик, Е. Бидайбеков, Т.О. Балықбаев, В. В. Гриншкун, Ж.А. Қараев, Г.К. Нұрғалиева, Л.Л. Босова, С.М. Кеңесбаев, Г.О. Сыздықбаева, Б.Т. Барсай, К.Т. Мулдабекова, Н.Т. Сартаева және т.б.);

- білім беру мекеме мен оларды басқару үдерісінің түрлі проблемалар (Ф.Н. Жұмабекова, А.Е. Манкеш, С.Н. Жиенбаева, Б.О. Арзанбаев, А.Т. Ысқақов және т.б.);

- білім беру ұйымдары басшыларының кәсіби құзыреттілігін арттыру технологиясын пайдалану (Т.И. Шамова, Г.К. Ахметова, З.А. Исаева, Ж.Б. Өмірбекова, Н.А. Әбішев, Т.М. Баймолдаев, А.А. Жайтапова, З.М. Садвақасова және т.б.).

**Зерттеуде қолданылған әдістер:** психологиялық-педагогикалық және басқару әдебиеттерін талдау, педагогика және білім беру мекемелерін басқару саласында орындалған зерттеулерді зерделеу және талдау; білім беруді басқару саласындағы басшылардың білім деңгейін, іскерлігі мен дағдыларын, құзыреттіліктердің даму деңгейін диагностикалау; сауалнама, өзін-өзі бағалау, сараптамалық бағалау, эксперимент, өз зерттеулерін талдау, математикалық есептеу. *Арнайы психологиялық әдістемелер:* жалпы және әлеуметтік өзін-өзі тиімділікті анықтау әдістемесі (Шеер М., Маддукс Дж., А.В. Бояринцеваның бейімделуі), мінез-құлықты өзін-өзі реттеу стилі сауалнамасы (SSPM), көшбасшылық қабілеттерін диагностикалау (Е. Жариков, Е. Крушельницкий) әдістемесі, ассертивтілік деңгейін диагностикалау әдістемесі, өміршеңдік деңгейін анықтау (С. Мадди, Д.А. Леонтьев) әдістемесі.

**Нәтижелер және оларды талқылау.** ББМ басшысына көптеген проблемаларды неғұрлым табысты шешуге, өзін басқаруды үйренуге, нақты жеке мақсаттарды қалыптастыруға, уақытты ұтымды пайдалануға, қолда бар ақпаратты оңтайлы басқару шешімдерін қабылдау үшін білікті өңдеуге және пайдалануға көмектесуге арналған.

Осылайша, жаңа басқару парадигмасы - бұл ББМ басшысының белгілі бір міндеттерді орындауға бейімделуі емес, басшыны дамытудың және басқарушылық қызметке кәсібидайындықтың тұтас жүйесі. Бұл ББМ басшыларының басқарудағы жеке құзыреттілігін дамытуға және білім беру мекемелерінің қызметі мен сапалы педагогикалық нәтижеге қол жеткізу үшін қолайлы басқару жағдайларын жасауға мүмкіндік береді.

ББМ басшысының функционалы мен басқару қызметіне жүргізілген талдау негізінде кәсіби басқару қызметін нәтижелі жүзеге асырудың бірқатар маңызды сипаттамалар анықталды:

- құзыреттілік (білімді басқару саласындағы білім мен іскерлікті меңгеру, оларды білім беру мекемесінің ағымдағы және стратегиялық міндеттерін шешу тәжірибесінде қолдануға дайындық);

- кәсіби субъектілік (өзінің кәсіби қызметінің стратегиясын айқындау қабілеті, мақсаттар қою және түзету, себептерді түсіну, әрекеттерді өз бетінше құру және олардың ойластырылған әрекетке сәйкестігін бағалау);

- ұйымдастырушылық және коммуникативтік қабілеттер;

- зияткерлік қасиеттер (аналитикалық ойлау қабілеті, эрудиция);

- әкімшілік қабілеттер (басшылық стилі);

- ерік қасиеттері, талап етушілігі;

- өтемдік қабілеттер (кәсіби қызметтегі шектеулерді еңсеру);

- кәсіби дамуға қабілеттілік (кәсіби жетістіктерге жету қажеттілігі).

Басқару қызметінің мақсаты - ұжым жоспарлаған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу бойынша педагогикалық процестің барлық қатысушыларының тиімді жұмыс істеуі үшін жағдай жасау болып табылады. Мұндай шарттар жататындар: ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуал; педагог кадрларды дамушы ортада жұмыс істеуге дайындығын арттыру; ұжымның барлық мүшелерінің еңбегін ынталандырудың тиімді жүйесінің болуы, олардың өз еңбегіне және оны ұйымдастыруға қанағаттануы; ұжымның міндеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес келетін материалдық-техникалық база; инновациялық процестерді дамыту; ББМ-нің даму динамикасының нәтижелерін қадағалаудың жүйелі процесі.

Қазіргі ғылымдағы құзыреттілік ұғымы мамандық талаптарына сәйкестіктің жеке сипаттамасы, адамның белгілі бір функцияларды орындау қабілеті мен білігіне ие болуы ретінде түсіндіріледі; білім мен кәсіби тәжірибені үйлестіру; мамандардың түсінігінің, білімі мен іскерлігінің олар орындайтын міндеттер мен шешілетін проблемалардың күрделілігінің нақты деңгейіне сәйкестігі. Әрбір басшының кәсіби басқару қызметіне кіру кезінде қандай да бір базалық құзыреттілік деңгейі болады. Бірқатар зерттеушілер педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік даму жағдайларын анықтай отырып, құзыреттіліктің мазмұнын анықтайды. Олар оны: кәсіби қасиеттердің жиынтығы ретінде, кәсіби-лауазымдық талаптарды белгілі бір деңгейде іске асыру қабілеті ретінде; кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін қажетті білім, іскерлік, дағдылар, қызмет тәсілдерін меңгеру дәрежесі, сапалар конгломераты ретінде қарастырған.

Құзыреттілік басшының жеке басының және қызметінің ресурстарынан құралады деп болжайды. *Құзыреттілік* - ол басқарылатын процестің сапалы нәтижесін қамтамасыз ету үшін басшының жеке ресурстары мен тәсілдемелердің жиынтығы. Басқарудың менеджерлерде мынадай дағдылар мен қабілеттердің болуын талап етеді деп есептейді: өзін-өзі басқару қабілеті; ақылға қонымды жеке құндылықтар; нақты жеке мақсаттары; тұрақты жеке өсуге назар аудару; проблемаларды шешу дағдысы; өнертапқыштық және инновацияларға қабілеттілік; айналасындағыларға әсер ету қабілетінің жоғары болуы; қазіргі заманғы басқару тәсілдерін білу; басшылық ету қабілеті; қызметкерлерді оқыту және дамыту білігі; ұжымды қалыптастыру және дамыту қабілеті.

Теориялық-әдіснамалық талдау негізінде біз зерттеу тақырыбы аясындағы негізгі ұғымдарына келесі авторлық анықтамалар береміз:

*Жеке құзыреттер* - бұл тұлғаның ішкі ресурстары, сыртқы ортаға алып келетін психологиялық ұстанымдары. Өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу, моральдық жауапкершілік, қарым-қатынастағы икемділік, рефлексия және т.б. сияқты жеке құзыреттер басшыға қызметті нәтижелі орындауға негіз болады.

*Тұлғалық құзыреттілік* - тұлғалық өзін-өзі білдіру және өзін-өзі дамыту тәсілдерін, басшының жеке басының кәсіби деформацияларына қарсы тұру құралдарын меңгеру.

*Жеке (дербес) құзыреттілік* - тиімді және нәтижелі басқарушылық шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін кәсіби-тұлғалық қабілеттер мен басқарушылық білімдердің, іскерліктердің, дағдылардың жиынтығы.

*Басқарушылық құзыреттілік* - кәсіби басқарушылық құндылықтарға негізделген, оның кәсіби басқарушылық қызмет процесінде басқарушылық білім мен дағдылар жүйесін қолдануға дайындығы мен қабілетін көрсететін тұлғаның интегралды қасиеті.

*ББМ басшысының басқарушылық құзыреті* - білім беру мекемесі басшысының білім беруді басқару тәжірибесінде басқарушылық білімді, дағдылар мен жеке қасиеттерді қолдануға дайындығы мен қабілеті.

*ББМ басшыларының жеке құзыреттілігі* - білім беру процесін тиімді басқарумен қатар, кәсіби қызметтегі проблемаларды шешу кезінде туындайтын қиындықтарды еңсеруге мүмкіндік беретін әмбебап және кәсіби дағдылар мен құзыреттердің жиынтығы.

Басшының жеке құзыреттері табиғатпен белгіленеді, бірақ оларды түзетуге болады. Егер көшбасшы өзін-өзі кәсіби жетілдіруге ұмтылмаса, онда бұл ұйымның имиджіне және оның бәсекеге қабілеттілігіне жағымсыз әсер етеді. Басшының басты жеке құзыреті - жауапкершілікті өзіне алу қабілеттілігі. Егер ол өзі команда жұмысының нәтижесіне жауап берсе, онда ұжымда өзара жауапкершілік атмосферасы құрылады: қызметкерлер ББМ болып жатқан жетістіктерге де, сәтсіздіктерге де өздерінің қатыстылығын сезінеді.

ББМ басшысының негізгі жеке құзыреттеріне мыналар жатады деп есептейміз: 1. Инновациялық ойлау және жаңашылдық; 2. Мақсаттарға қол жеткізу және өз міндеттемелері үшін жауапкершілік; 3. Эмоционалды өзін-өзі реттеу, стресске төзімділік; 4. Қарым-қатынасшылдық, өз мүмкіндіктеріне деген сенімділік; 5. Басқару психологиясының негіздерін терең білу; 6. Бастамашылық, табандылық; 7. Өз қызметкерлеріне оң көзқарас; 8. Өзінің психологиялық мәдениетін дамытуға бағдарлау; 9. Өзіне, әріптестеріне конструктивті көзқарас; 10. Сауатты, ойластырылған шешімдерді әзірлеу; 11. Кез келген ақпаратпен жұмыс істей білу.

ББМ-нің басшысында мынадай қасиеттер мен қатынастардың болуы қажеттілігін атап өту қажет:

- басқарушылық құзыреттілік - білім беру мекемесін басқарудың нысандары мен әдістерін білу, жоғары әдіснамалық мәдениет, қазіргі заманғы басқару қағидаттарын, жедел- техникалық басқару функцияларын білу (басқаруды оңтайландыру тәсілі), білім беру мекемесін даму режимінде басқарудың ерекшеліктерін білу, қызметті уәждемелік бағдарламалық-мақсатты басқарудың мазмұнын, басқару процесін информатика және компьютерлендіру негіздерін білу, білім экономикасын, маркетинг негіздерін, менеджмент, шаруашылық есептеу элементтері;

- ой-өріс - проблемаларды шешуге жүйелі көзқарас қағидаттарын білу, педагогика және психология, әдебиет, өнер, ғылым, техника саласындағы эрудиция, жалпы мәдениеттің жоғары деңгейі;

